

**Жәнібек аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 тамыздағы № 15-3 "Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" шешімнің күші жойылды деп тану туралы**

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2019 жылғы 20 наурыздағы № 30-5 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 наурызда № 5594 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес Казталов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жәнібек аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 тамыздағы №15-3 "Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4890 тіркелген, 2017 жылғы 19 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Н.Уәлиева) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.